

**6D010900-Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Зыкрина Сымбат Жумабаевнаның
«Негізгі мектеп оқушыларының математикалық білімдерін
критериалды бағалаудағы интернет-технологиялардың ролі»
тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми
кеңесшінің**

ПІКІРІ

Заман ағымына сәйкес Қазақстан Республикасындағы болып жатқан әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси өзгерістер білім беру саласы жұмысы саласын жетілдіруді және оны тиімді дамытудың жолдарын анықтауды талап етеді.

Қазіргі әлемдегі ақпараттық технологиялардың даму қарқыны және қашықтықтан оқытудың енгізілуі түрлі интернет-технологияларының қолданысы мәселесіне деген қызығушылықтың дамуына серпін берді. Интернет-технологияларының үздіксіз жаңаруы және мазмұнының артуы бағалау мәселелеріне қойылатын негізгі талаптарды айқындап, оларды ұстанудың айқын жүйесін нақтылаудың қажеттігін де арттырып отыр. Диссертация авторы зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге жан-жақты талдау жасай отырып, интернет технологияларын қолдану барысында критериалды бағалау принциптерінің орындалысы туралы арнайы зерттеудің жасалмағанын және интернет-технологияларын қолдануда критериалды бағалауды жүзеге асырудың арнайы әдістемесі дайындалмағанын анықтаған. Бұл мәселені зерделеуге бағытталған зерттеулердің көптігіне қарамастан, оқушылардың математикалық білімдерін критериалды бағалаудағы интернет-технологияларының ролін ашуға бағытталған зерттеулердің аздығы байқалады.

С.Ж.Зыкринаның докторлық диссертациясы бүгінде теориялық және практикалық тұрғыдан ерекше өзектілікке ие болатын маңызды проблеманы дербес, толық зерттеу болып табылады. Зерттеу оқушылардың математикалық оқу жетістіктерінің сапасын арттыру мақсатына сәйкес бірнеше міндеттерді айқындайды. Солардың бірі – критериалды бағалау талаптарына сай мұғалімнің интернет-технологияларын қолдану барысындағы тиімді кері байланысын жетілдіру. Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты дамыту арқылы оқушылардың оқу әрекеті үшін жауапкершілігі мен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға жағдай жасалатыны алға тартылған.

Берілген жұмыстың құндылығы мен жаңалығы интернет-технологияларын қолдануда критериалды бағалауды ұйымдастырудың арнайы әдістемесінің жасалуында және оқушының өз біліміне деген

жауапкершілігін дамытуға бағытталған мұғалімнің тиімді кері байланысын қамтамасыз ету құралдарының ұсынылуында.

Зерттеу барысында автор өз бетінше келесі маңызды нәтижелерге қол жеткізеді:

- «баға», «бағалау» ұғымдары анықтамаларының дамуына талдау жасалып, осы ұғымдардың мазмұнына енген өзгерістер анықталды;

- критериалды бағалауды математика сабақтарында ұйымдастыру ерекшеліктері талданып, бағалауды тиімділігін арттыру жағдайлары айқындалды;

- интернет-технологияларына оқыту құралы ретінде қойылатын талаптарға сәйкес критерийлер құрастырылып, танымал интернет-технологиялар сол критерийлерге сәйкес бағаланып, өзара салыстырылды;

- интернет-технологияларды салыстырмалы талдау барысында жасалған тұжырымдарға сәйкес критериалды бағалаудың тиімділігін арттыруға қажетті жағдайлар анықталып, интернет-технологияларын қолданып критериалды бағалауды ұйымдастырудың әдістемесі дайындалды;

- критериалды бағалаудың маңызды құралы ретінде – мұғалімнің кері байланысын ұйымдастыруға қажетті «Математика пәнінің таңдаулы тақырыптары бойынша оқушыларға кері байланыс беру әдістемесі» электронды оқу құралы дайындалды;

- математика сабақтарында критериалды бағалауды ұйымдастыруға жеңілдік жасайтын интернет-технологияларын жинақтайтын мұғалімдерге арналған көмекші сайт дайындалды (<https://sites.google.com/view/math-toolset/%D0%B1%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%8B-%D0%B1%D0%B5%D1%82>);

- диссертацияда жасалған тұжырымдар мен зерттеу гипотезасы эксперимент арқылы тексеріліп, дұрыстығы дәлелденді.

Ізденуші зерттеу жұмысының негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары жайлы мұғалімдерге көмек ретінде әдістемелік ұсыным мен электрондық әдістемелік құрал дайындады және 15 ғылыми мақала жариялады. Оның төртеуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарында, тоғызы республикалық және республикадан тыс халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, біреуі Республикалық ғылыми-әдістемелік журналда жарияланған. Сонымен бірге мақалалардың бірі Web of Science базасында жарияланып, бірі Scopus базасындағы журналға жариялауға жіберілді.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сәйкес Зыкрина Сымбат Жумабаевнаның «Негізгі мектеп оқушыларының математикалық білімдерін критериалды бағалаудағы интернет-технологиялардың ролі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай келетіндіктен, Халықаралық базаларда ғылыми мақалалары жарық көргеннен кейін 6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) атағын алу үшін ресми қорғауға ұсыныла алады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, РЖА академигі,
Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау университетінің профессоры



Қ.Ғ.Қожабаев

